

## ИРАНҒА ҚАТЫСТЫ САНКЦИЯЛАРДЫҢ АЛЫНУЫ ТУРАЛЫ

### БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің санкцияларды алуы

2016 жылғы 17 қаңтарда БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі (БҰҰ ҚК) санкция салу тізбесінен «Serah» Иран банкі және оның халықаралық еншілес филиалдарын алып тастайтындығы туралы жариялады.

БҰҰ ҚК-нің көрсетілген шешімі Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) Иранның халықаралық делдалдар<sup>1</sup> келіскен, БҰҰ ҚК № 2231 (2015)<sup>2</sup> Қарары шеңберіндегі Бірлескен Барлығы қамтылған Іс-қимылдар Жоспарында (ББЖ) жазылған шараларды қабылдағанын растайтын баяндамасына негізделген.

БҰҰ ҚК № 2231 (2015) Қарарына сәйкес БҰҰ-ның Иранға қатысты санкциялар жөніндегі комитеті таратылды.

МАГАТЭ-нің ББЖ-де көрсетілген шараларды қабылдағанын растайтын баяндаманы ұсынуына байланысты БҰҰ ҚК-нің 1696 (2006), 1737 (2006), 1747 (2007), 1803 (2008), 1835 (2008), 1929 (2010) және 2224 (2015) Қарарларының қолданылуы тоқтатылды. Бұл ретте мемлекеттер БҰҰ ҚК-нің № 2231 (2015) Қарарының ережелерін сақтауға тиіс.

БҰҰ ҚК-нің Иранға қатысты жаппай жоятын қарудың таратылмауымен байланысты 1737 (2006) Қарары және басқа Қарарлары күшінің жойылуы, сондай-ақ БҰҰ ҚК-нің санкциялық тізбесінен Иран тұлғаларының шығарылуы қаржы ұйымдарынан осындай тұлғалардың активтерін оқшаулау жөніндегі міндеттеменің алынуын білдіреді.

БҰҰ ҚК-нің Иранға қатысты Қарарлары күшінің жойылуына байланысты Ұлттық Банктің оқшаулау рәсімдері бойынша түсіндірмелері жаңартылды<sup>3</sup>.

### ЕО мен АҚШ санкцияларын алу

2016 жылғы 16 қаңтарда Иранға қатысты біржақты санкцияларды ішінара алу туралы АҚШ пен ЕО да жариялады.

ЕО Иранның резиденттерімен ЕО резиденттерінің қаржылық транзакцияларына тыйым салынуына қатысты санкцияларды, сондай-ақ Иранның ядролық бағдарламасына байланысты өзге де санкцияларды алып тастады. ЕО-ның санкциялық тізбесінен Иранның қаржы ұйымдарының көпшілігі алынды. ЕО қаржы ұйымдарына Иранның ЕО-ның санкциялық тізбесінен шығарылған қаржы ұйымдарымен корреспонденттік қатынастар орнатуға рұқсат берілді. Иранның ЕО-ның санкциялық тізбесінен шығарылған қаржы ұйымдарына SWIFT халықаралық банкаралық ақпарат беру және төлемдер жасау жүйесіне кіруге рұқсат берілген.

Дегенмен, ББЖ-ге сәйкес Иранның бірқатар тұлғалары мен ұйымдары Иран өзіне қабылдаған міндеттемелерін толық орындағанға дейін ЕО-ның санкциялық тізбесінде қалатынын ескеру қажет.

Сонымен бірге, Иранға қатысты адам құқығының бұзылуына, терроризмді қолдауға, Сирия мәселесіне, ракеталық технологияларға, Иранға кейбір металдар мен компьютерлік қамтамасыз етуді жеткізуге жататын ЕО санкциялары күшінде қалады. Аталған санкциялар активтерді тоқтата тұруды, ирандық жеке және ЕО-ның санкциялық тізбесіне енгізілген заңды тұлғалардың ЕО-ға кіруіне тыйым салуды көздейді.

<sup>1</sup> Франция, Германия, Ұлыбритания/Еуроодақ + Қытай, Ресей, АҚШ

<sup>2</sup> БҰҰ ҚК № 2231 (2015) Қарарының және ББЖ мәтіні мына мекенжай бойынша қолжетімді: <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N15/225/30/PDF/N1522530.pdf?OpenElement>

<sup>3</sup> [http://www.nationalbank.kz/cont/publish693044\\_30599.pdf](http://www.nationalbank.kz/cont/publish693044_30599.pdf)

ЕО-ның Иранға қатысты алынған және күшінде қалатын ЕО санкциялары туралы ақпараттық жазбаны мына мекенжай бойынша алуға болады: [http://eeas.europa.eu/top\\_stories/pdf/iran\\_implementation/information\\_note\\_eu\\_sanctions\\_jcpoa\\_en.pdf](http://eeas.europa.eu/top_stories/pdf/iran_implementation/information_note_eu_sanctions_jcpoa_en.pdf)).

АҚШ-та шет мемлекеттер резиденттерінің Иранның резиденттерімен қаржы транзакцияларына тыйым салуға қатысты «қайталама» деп аталатын санкциялар, сондай-ақ Иранның ядролық бағдарламасына байланысты бірқатар басқа санкциялар алынды. АҚШ-тың санкциялық тізбесінен (SDN List) Иранның көптеген қаржы ұйымдары шығарылды.

Бұл ретте АҚШ-тың Американың жеке және заңды тұлғаларын олардың иелігіндегі мүлікті және Иран Үкіметінің, сондай-ақ Иранның қаржы компанияларының мүлкіндегі мүдделерін бұғаттауға (оқшаулауға) міндеттейтін санкциялары (Атқарушы Жарлық 13599) күшінде қалып отыр.

Сонымен қатар, АҚШ-тың Иранға қатысты, адам құқығының бұзылуына, терроризмді қолдауға, Сирия мәселесіне, ракеталық технологияларға, Иранға жекелеген металдар мен компьютерлік қамтамасыз етуді жеткізуге қатысты санкциялары күшінде қалып отыр. Көрсетілген санкцияларда сондай-ақ активтерді оқшаулау, АҚШ-тың санкциялық тізбесіне енгізілген Иранның жеке және заңды тұлғаларына АҚШ-қа келуіне тыйым салу көзделеді.

АҚШ Қаржы министрлігінің Иранның АҚШ-тың санкцияларын алу тәртібі жөніндегі нұсқауын мына мекенжайдан алуға болады: [https://www.treasury.gov/resource-center/sanctions/Programs/Documents/implement\\_guide\\_jcpoa.pdf](https://www.treasury.gov/resource-center/sanctions/Programs/Documents/implement_guide_jcpoa.pdf).

БҰҰ ҚК-нің санкцияларын, сондай-ақ ЕО мен АҚШ-тың бірқатар санкцияларын алу Иранмен өзара сауда қатынастарын жеңілдетуге, сондай-ақ Иранның резиденттерімен қаржы транзакцияларын және өзара есеп айырысуды жүргізуді жеңілдетуге мүмкіндік жасауға тиіс.

Сонымен қатар, қаржы ұйымдары бірқатар біржақты санкциялардың сақталуына байланысты қырағылық танытулары керек. Атап айтқанда, айтарлықтай тәуекел АҚШ долларын пайдалана отырып Иран резиденттерімен төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде сақталады.